

Әділетті Қазақстан

«Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



100 жаңа автобус жолға шығады

4

ТУРИЗМ



Көркем табиғат және көрікті жерлер

6

МӘСЕЛЕ



Жарымжан жарнамалар

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

29.07.2023

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

30.07.2023

Түнде:



+19+21 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №90 (6383) 29 шілде, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

БАЙЫПТАМА

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Қырғызстан су тапшылығына байланысты төтенше жағдай енгізді



1 тамыздан бастап Қырғыз Республикасында су тапшылығына байланысты төтенше жағдай енгізілді. Көрші елдің президенті Садыр Жапаров осындай үкім шығарды. Оған сәйкес төтенше жағдай 2026 жылдың аяғына дейін созылады.

3

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«АЗИЯ ДАУЫСЫ» ФЕСТИВАЛІ

Қала әкімдігі тегін көлік бағыттарын ұйымдастырды



«Азия дауысы» музыкалық фестивалінің 28, 29 бен 30 шілдеде өтуіне байланысты қала әкімдігі оған барушылар үшін тегін жүретін қосымша 55 автобус ұйымдастырады. Құрманғазы көшесі мен Достық даңғылының қиылысында келушілерді «Медеу» спорт кешенінің жанында 30 автобус күтіп тұратын болады. Тағы 25 автобус іс-шара қонақтарын Абай даңғылы мен Сәтбаев көшесі арасындағы Байтұрсынов көшесі бойында күтеді.

5

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Марокко Короліне құттықтау жеделхатын жолдады.
- БҰҰ Бас Ассамблеясы діни рәміздерді қорлауды айыптайтын қарарды қабылдады.
- 2025 жылға дейін мемлекеттік білім гранттарының саны 50 пайызға артады.
- Түркияның Alarko холдингі Қазақстанның агросекторында бірқатар ірі жобалар құруды жоспарлап отыр.
- Биыл кітапханашы мамандығына грант саны 30 пайызға өседі.
- Әлемге әйгілі актер Джеки Чан домбыраға қосылып қытайша ән шырқады.
- Қытайда бүкіләлемдік универсиада басталады.
- Жасөспірімдерге арналған «Sauluq Life» телеграм-боты іске қосылды.
- Алматыдағы 14 қабатты тұрғын үй вибродинамикалық сынақтан өткізілді.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Марокко Корольдігіне құттықтау әеделхатын жолдады.

Президент Король VI Мұхаммедті Марокко Корольдігінің ұлттық мейрамы – Таққа отырған күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Марокко арасындағы сенімді қарым-қатынастың одан әрі жандана беретініне сенім білдіріп, VI Мұхаммедтің қызметіне табыс тіледі.

■ СЕНАТ

Сенатор Серік Өтешов Қарағанды облысының Осакаров ауданында болды. Депутат ауыл еңбеккерлерімен, жергілікті қоғам белсенділерімен, үкіметтік емес ұйымдардың мүшелерімен, ардагерлер кеңесінің ақсақалдарымен кездесті.

С.Өтешов «Сарыбел нан» ЖШС ауыл шаруашылығы кәсіпорнында болған кезде жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мен ауыл тұрғындарының өмірін жақсартудың маңыздылығына тоқталды.

«Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы еліміздің дамуының басты драйверінің бірі екенін бірнеше рет атап өткен болатын. Біз ол туралы әр сессияда, әрбір парламенттік тыңдау кезінде айтып келеміз. Қазіргі уақытта мемлекетіміз ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау жөнінде нақты шаралар қабылдады. Дегенмен, қолға алатын көптеген мәселелер әлі де бар. Менің ойымша, оларды бірлесе шешу аса маңызды екені даусыз. Менің сапарымның басты мақсаты – Сенат депутаттары заңнамалық деңгейде қандай көмек бере алатынын білу, мемлекеттік бағдарламаларды орындауда қандай жағдай орын алып жатқанын көру», – деп атап өтті Серік Өтешов.

Сенатор балалар мен жасөспірімдерге арналған «Жастар» орталығында және «Жас инженер» студиясында да болды. Депутат сапар барысында жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету, мектепте тамақтандыру, сондай-ақ балаларды білім беру мекемелеріне тасымалдау мәселелерін де талқылады.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай Білікөл көлінен Ақкөл көліне су шығатын арнаға заңсыз бөгет салу дерегі бойынша шара қабылдау туралы депутаттық сауалын Бас прокурор Берік Асылыовқа жолдады.

Депутат мүдделі органдар өкілдерінің қатысуымен Білікөл көлінен Ақкөл көліне су шығатын арнаға өз бетімен салынған бетон бөгеттің заңдылығын анықтау үшін тексеріс жүргізілуін, тексеріс нәтижесі бойынша заңсыздық фактілері дәлелденген жағдайда рұқсатсыз салынған бетон бөгеттің бұзылуы қадағалануын сұрады.

Берік Асылыов жазбаша жауабында аталған дерек бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізілгенін хабарлады.

«Тексеріс нәтижесінде аталған бөгеттің құрылысын «Жуалы и К» ЖШС Су кодексінің 125-бабының 7-тармағын бұза отырып, белгіленген тәртіппен келісілген жобасыз және Инспекцияның келісімінсіз жүргізгені анықталды. Соттың 25.05.2023 жылғы қаулысымен серіктестікке бөгетті мәжбүрлі түрде бұзу жүктеліп, айыппұл түріндегі әкімшілік жаза тағайындалды. Сонымен қатар, сот қаулысының бөгетті мәжбүрлі бұзу туралы бөлігін орындау мақсатында Инспекция 19.06.2023 жылы Жамбыл аудандық сотына сот актісін сот орындаушыға жолдау туралы жолданымын жіберді», – деп жауап берді Бас прокурор.

Сондай-ақ, Берік Асылыов серіктестіктің бөгетті заңсыз салуына қолдау көрсеткен лауазымды адамдарды анықтау және іс-шаралар қабылдау мәселесі бойынша Жамбыл облысының прокуратурасы облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментіне тиісті тексеру іс-шараларын ұйымдастыру туралы хат жолдағанын хабарлады.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Инвестициялық итабтың отырысын өткізді, оның барысында инвестициялық келісім-шарттар бойынша мемлекеттік заттай гранттар түрінде жер телімдерін беру мәселелері қаралды.

Отырыста Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаров мемлекеттік заттай гранттар қызметінің басым түрлерінің тізбесі бойынша тауарларды өндіру саласында да, қызмет көрсету саласында да берілетінін және сауда-саттық (аукциондарды) жүргізуді талап етпейтін ерекше жағдайларға жататынын айтты.

Заттай гранттарды әкімдіктер Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетімен келісе отырып бөледі.

2005 жылдан бастап 2023 жылдың маусымына дейін Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті 1438 инвестициялық келісім-шартқа қол қойды, оның 216-сы бойынша заттай гранттар түрінде жер берілген және 37 мыңнан астам жұмыс орны құрылған. Осы келісім-шарттар шеңберінде 2,2 трлн теңге сомасына инвестициялар тартылды, оның ішінде қызмет көрсету саласында (қойма орындары, білім беру, денсаулық сақтау, қонақүй қызметтері, жолаушылар тасымалы саласындағы нысандардың құрылысы) 125 келісім-шарт жасалған.

Премьер-Министр отырысты қорытындылай отырып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың инвестиция тарту мен бизнесті қолдауға ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті. Үкімет те осы бағыттар бойынша белсенді жұмыстар жүргізіп келеді.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС ҚОЛДАУ ТАБАДЫ

Үкіметте машина жасау саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспарды әзірлеу барысы қаралды



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Машина жасау саласын дамытудың 2028 жылға дейінгі кешенді жоспарын әзірлеу мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сай аталған құжат бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс саланың одан әрі дамуына үлкен серпін беруге тиіс. Оны дайындау кезінде бизнестің, атап айтқанда, Қазақстан машина жасаушылар одағының ұсыныстары ескерілген.

Кешенді жоспар отандық өндірушілерді қолдауға және машина жасау саласының бәсекеге

қабілеттілігін арттыруға бағытталған 83 іс-шараны қамтиды. Онда жалпы жүйелік, сондай-ақ секторлар бойынша нақты іс-шаралар (тау-кен металлургиясы, теміржол, мұнай-газ, энергетика, электр техникасы, ауыл шаруашылығы машинасын жасау, автомобиль жасау, әуе кемелерін жасау) айқындалған.

Жоспардың негізгі мақсаты – машина жасау саласындағы жал-

пы қосылған құнның 4,5 есе, өндіріс көлемінің 2,2 есе, экспорттың 2,9 есе, еңбек өнімділігінің 1,9 есе, инвестициялардың 1,5 есеге өсуін қамтамасыз ету.

Құжатты талқылау қорытындысы бойынша Әлихан Смайылов Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, Кешенді жоспарды келісуді және оны бекіту туралы Үкімет қаулысының жобасын енгізуді жеделдетуді тапсырды.

ЦИФРЛАНДЫРУ

ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕЙТІН ТЕРМИНАЛ

Қаладағы ХҚКО-лар тағы қандай тың жобаларды қолға алды?



Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша өкілдері ХҚКО жұмысының жарты жылдағы қорытындысын баяндады.

Естеріңізге сала кетейік, осы жылдың 1 шілдесінен бастап азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі функциялар мемлекеттік корпорацияға берілді. Филиалдың азаматтық хал актілерін тіркеу басқармасы 11 359 мемлекеттік қызмет көрсетті. Бұдан басқа, әлеуметтік блок бойынша алты айда 79 488 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде ХҚКО арқылы – 34 885 қызмет. Электрондық қызметтер жаңа тағайындаулардың жалпы санының 57%-ын құраған.

«Филиал тұрақты негізде қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша жұмыс жүргізеді, апта сайын бөлімдерде филиал басшылығы Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет агенттігінің департаментімен

бірлесіп уәкілетті органдардың өкілдерін тарта отырып, азаматтарды қабылдайды. Апта сайын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бойынша мамандарды оқыту жүргізіледі», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Айнаш Әубәкірова.

Спикердің сөзіне сүйенсек, ХҚКО-ға бару кезінде азаматтарға бірқатар жаңа қызметтер қолжетімді болады. Атап айтқанда, бейнеқоңырау арқылы электрондық-цифрлық қолтаңба алу, тұрғылықты жері бойынша тіркелу, туу туралы куәлік алу, жылжымайтын мүлік туралы мәліметтер (жылжымайтын мүлік пен ауырт-

палықтардың болуы), баланың тууы бойынша жәрдемақы, жүргізуші куәлігін ауыстыру және көптеген қызметтер қолжетімді болмақ.

Сонымен қатар, жеке куәліктер мен төлқұжаттарды рәсімдеу үшін терминал іске қосылады. Мұндай терминалдар Медеу ХҚКО-да орнатылған.

«Енді сіз құжаттарды өз бетіңізше және тез алуға өтініш бере аласыз. Кезек күтіп, уақыт жұмсаудың қажеті жоқ, содан кейін көші-қон қызметі қызметкерімен тіркеуден өтіп, суретке түсіп, төлем үшін кассаға бөлек жүгірудің де қажеті жоқ. Құжаттау терминалы бәрін бір жерде жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, адам құжат үшін сәтті фотосуретті өз бетінше тандай алады. Процесс 10 минуттан аспайды. Алайда, қателіктер мен түсініспеушіліктерді болдырмау үшін өтініш берушіге көші-қон қызметінің қызметкеріне жүгіну қажет болады. Ол өтініштің, фотосуреттің және қолтаңбаның дұрыстығын тексереді», – деді А.Әубәкірова.

Соңғы уақыттағы тағы бір тың жаңалық – жаңа ХҚКО-да постапаттар орнатылған. Олар арқылы дайын құжатты кез келген ыңғайлы уақытта алуға болады. Постапаттар азаматтарға ыңғайлы болу үшін тәулік бойы жұмыс істейді.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

БАЙЫПТАМА

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Қырғызстан су тапшылығына байланысты төтенше жағдай енгізді

(Басы 1-бетте)

Ресми мәлімдемеде мұндай шешім қабылдауға бірнеше себеп бар делінген. Ең алдымен, Нарын өзеніне құятын судың көлемі азайған. Қала берді электр тұтыну мөлшері де өскен. Одан бөлек, су электр станциясының жұмыс істеу қуаты төмендеген. Алайда, мұның басқа себебі болуы мүмкін.

Су дауы әлі өзекті...

Осыдан бірнеше апта бұрын Өзбекстан мен Қырғыз Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан осы жылдың аяғына дейін дәл осы көрші елдермен су қорын пайдалану туралы келісім-шартқа өзгеріс енгізеді деген ақпарат тарады. Бірақ қандай өзгеріс енгізілетіні туралы ашық айтылмаған. Бір қызығы, біздің ақпарат құралдары бұл тақырыпқа аса мән бере қойған жоқ. Керісінше, төтенше жағдайды енгізді деп жарыса жаза бастады.

«Шынымен де осындай өзгеріс енгізілгелі жатыр ма?» деген сұраққа жауап табу үшін Экология және табиғи ресурстар министрлігінің сайтына жүгіндік. Сөйтсек, министрлік 14 маусымда «**2023–2029 жылға арналған су ресурстарын басқару жүйесін дамыту туралы тұжырымдама**» мәтінін жариялаған екен. Тұжырымдама 7 бағыт бойынша жүзеге асады. Оның 5-бағыты Траншекаралық ынтымақтастықты дамыту деп аталады.

Шынында да, осы жылдың аяғына дейін сонау 1998 жылғы Қазақстан, Өзбекстан мен Қырғыз Республикасы арасындағы қабылданған келісімге өзгеріс енгізу Үкіметтің жоспарында екен. Бұдан бөлек, Үкімет 2025 жылдың соңына дейін Қырғыз республикасымен Шу–Талас бассейнін қолдану мәселесін де көтеретін көрінеді. Сондай-ақ, Өзбекстанмен де трансшекаралық суды қолдану мәселесі де қаралатын көрінеді.

Біреуге су, біреуге энергетика қайғы...

1998 жылы Бішкекте үш көрші мемлекеттер су-энергетикалық ресурстарды қол-



№	Траншекаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша жоспарланған іс-әрекеттер	Мерзімі
1.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Траншекаралық су объектілерін бірлесіп басқару және пайдалану туралы келісімге қол қою	2023 жылғы желтоқсан
2.	Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Сырдария өзені бассейнінің су-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу (Бішкек қ., 17 наурыз, 1998 ж.)	2023 жылғы желтоқсан
3.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерде су бөлу туралы келісімге қол қою	2027 жылғы желтоқсан
4.	Математикалық және компьютерлік модельдеуді қолдана отырып, трансшекаралық Шу–Талас бассейнінде Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен Мемлекетаралық су қатынастарын жетілдіру әдістемесін әзірлеу	2025 жылғы желтоқсан
5.	Су ресурстарын елдер арасында бөлуді жетілдіру және негіздеу мақсатында Орталық Азия елдерімен бірлескен зерттеуге дайындық шеңберінде Сырдария трансшекаралық өзенінің су шаруашылығы балансын бағалау және болжау	2025 жылғы желтоқсан
6.	Траншекаралық су объектілерін пайдалану және қорғау, оның ішінде біліктілігін арттыру арқылы келіссөздер топтары мүшелерінің құзыретін күшейту	2023 жылғы желтоқсан
7.	Орталық Азияның су энергетикалық консорциумын құру және оның жұмыс істеу тетіктері мәселесін пысықтау	2023 жылғы желтоқсан

Мәліметтер Қазақстан Республикасының Су ресурстарын басқару жүйесін дамыту 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-әрекет жоспарынан алынды

дану бойынша келісімге келіп еді. Бұл келісім бойынша Қазақстан мен Өзбекстан Қырғыз Республикасына электр энергиясын, ал олар суды айырбастаған. Осылайша мемлекеттер өзара бартер жасады. Ал енді келісім-шарт қалай өзгермек? Бұл жағы бізге қараңғы. Сонда да мәселеге үңіліп көрелік.

Жалпы, үшеуі де су және энергия тапшылығын көріп жатқан елдер. Алайда, Қазақстан мен Өзбекстан суға тәуелдірек. Ал Қырғыз елі электр энергиясына мұқтаж.

Қазақстан территориясында 8 су-шаруашылық бассейні бар. Оларға Арал–Сырдария, Балқаш–Алакөл, Ертіс, Есіл, Жайық–Каспий, Нұра–Сарысу, Тобыл–Торғай және Шу–Талас бассейндері кіреді. Судың жалпы көлемі 102,3 км³. Оның жартысынан астамы Қытай, Өзбекстан, Ресей мен Қырғыз Республикасының аумағы арқылы құйылады. Әсіресе, еліміздің оңтүстік, оңтүстік-шығыс және батыс аймақтарындағы су бассейндері көрші елден құйылатын суға тәуелді. Оларға Арал–Сырдария, Балқаш–Алакөл, Шу–Талас және Жайық–Каспий бассейндері жатады. Сондықтан тұжырымдамадағы Өзбекстан мен Қырғыз елімен келісімге толықтыру енгізу мәселесі бекер аталған жоқ.

Қырғыз елі электр энергетикасына тәуелді екені мәлім. Бұл тәуелділіктен шығу үшін шаралар да қабылданып жатыр. Төтенше жағдайды енгізу туралы мәлімдеме Нарын өзенінің бойына кішігірім су электр станциялары, күн және жел электр станцияларын салу туралы жоспарлар да айтылады. Мұны жүзеге асыру мақсатында Садыр Жапаров энергетика министрі Таалайбек Ибраевқа кең өкілеттілік беруде. Егер көрші ел энергетикалық тәуелділіктен арылатын болса, трансшекаралық суды пайдалануда батыл саяси қадамдар жасауы мүмкін. Себебі, кішігірім СЭС-тер салу үшін де Нарын өзенінің суы жеткілікті болуы керек.



Пердехан
ШӘМШИЕВ

БРИФИНГ

ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Алматыда үш пациенттің АИТВ-инфекциясын жұқтыру фактісі бойынша эпидемиологиялық тексеру аяқталды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының Орталық қалалық клиникалық ауруханасында (ОҚКБ) АИТВ жұқтыру жағдайы бойынша комиссия жұмысының қорытындысы шығарылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялық қызметі алаңында өткен брифингте айтылды.

Алматыда денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеттері, Алматы қаласы комитеттерінің аумақтық департаменттері мамандарының қатысуымен үш пациенттің АИТВ-инфекциясын жұқтыру фактісі бойынша эпидемиологиялық тексеру аяқталды.

Эпидемиологиялық тексеру барысында 745 адам тексерілді. Олардың ішінде 118 кан доноры және оның компоненттері, 231 медицина қызметкері, 396 пациент бірлесіп стационарлық ем қабылдаған немесе осы бағыт бойынша медициналық ұйымдарға жүгінген. Барлық талдаулардың нәтижелері – теріс нәтиже көрсеткен.

– ОҚКА-дағы жағдай көрсеткендей, бұл пациенттерді уақытылы тестілеу және регламенттерді сақтау осы жағдайды оқшаулау бойынша іс-шаралар кешенін жүргізуге мүмкіндік берді. Тағы да қайталаймын және Сіздердің назарларыңызға қаланың медициналық мекемелеріндегі инфекциялық қауіпсіздік тұрақты бақылауда және қала тұрғындарына медициналық көмек көрсету кезінде жүйелі қауіп-қатер жоқ екеніне назар аударамын, – деп атап өтті Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шаметеков.

Эпидемиологиялық зерттеу нәтижелері бойынша комиссия мүшелері ОҚКА үш пациенттің жұқтыру фактісі, ең алдымен, адами фактормен, атап айтқанда, орта медициналық персоналдың жекелеген қызметкерлерінің инвазивті манипуляциялар жүргізу



кезінде операциялық рәсімдер стандарттарын бұзуымен және олардың қызметіне бақылаудың болмауымен байланысты деген қорытындыға келді. Санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздіктің жүйелі бұзушылықтары анықталған жоқ. Мамандардың айтуынша, 2023 жылдың 6 айында қала стационарларында 147 736 адам медициналық көмек алған. Оның ішінде реанимациялық көмекке 14 650 пациент жүгінген. Медициналық көмек көрсету кезінде пациенттердің жұқтыру фактілері анықталған жоқ.

Қазіргі уақытта АИТВ-инфекциясы анықталған барлық үш пациент ЖИТС орталығына диспансерлік есепке қойылды. Емдеудің жеке схемасы бойынша антиретровирустық препараттармен қамтамасыз етілді. Оларға жергілікті бюджет қаражаты есебінен барлық қажетті медициналық және психологиялық көмек көрсетіледі.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, комиссия қорытындыларын негізінде Басқарма шешім қабылдады:

– ҚР Еңбек кодексінің 48-бабы 2-тармағының 6) тармақшасы негізінде қалалық аурухананың бас дәрігері Н.Б.Табынбаев жұмыстан шеттетілді;

– ҚР Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 16) тармақшасының негізінде эпидемиология бойынша бас дәрігер орынбасары, реанимация меңгерушісі, стационардың бас медбикесі және реанимация бөлімшесінің аға медбикесі теріс себептерімен жұмыстан шығарылды.

Комиссия жұмысының қорытындысы бар анықтама материалдары іс жүргізу шешімін қабылдау және әрбір жауапты тұлғаның жауапкершілік шарасын одан әрі айқындау үшін қалалық Полиция департаментіне жіберілді.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы жүйелі шаралар кешенін қамтитын санитарлық-эпидемиологиялық режимнің бұзылуының алдын алу жөніндегі қолданыстағы іс-шаралар жоспарын өзектендірді. Олардың ішінде, емделуге түсетін барлық пациенттерді, (қабылдау бөлімшелеріне де, қала стационарларының реанимациясына да) күнделікті бақылау. Сондай-ақ, көпбейінді стационарлардың инфрақұрылымына талдау және аудит жүргізілді және бюджетті жақын арада нақтылау кезінде мәслихаттың қарауына жабдық ескірген стационарларда реанимациялық және Орталық зарарсыздандыру бөлімшелерін заманауи жабдықтармен жаңғыртуға және қосымша жарақтандыруға 2,3 млрд теңге сомасына өтінім енгізілетін болады. Сондай-ақ, келесі жылы стационарлардың сору желдеткішін қайта жаңарту жүргізіледі.

ЖИТС орталығы ІСАР (халықаралық үкіметтік емес ұйым) жаттықтырушыларын тарта отырып, 31 шілдеден 5 тамызға дейін санитариялық-эпидемиологиялық және санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау бойынша, кейіннен аттестаттаумен және тиісті сертификаттар алумен барлық орта медициналық персоналды (350 адам) оқытатын болады. Тамыз айынан бастап жоғары медициналық колледж базасында Алматы қаласының барлық орта медициналық персоналды (11 502 адам) оқыту жоспарлануда.

Естеріңізге сала кетейік, жыл сайын қалалық ЖИТС орталығының мамандары АИТВ-ға 450 мыңға жуық зерттеу жүргізеді. Осылайша шамамен 15–20% немесе мегаполис халқының бестен бір бөлігі жергілікті қызметтердің жіті бақылауында.



КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

Баспасөз туры барысында мамандар журналистерге таулы өзендерде судың лайлану деңгейінің жоғарылау себебін түсіндіріп, осыған байланысты Алматыда ауызсу-дың қысымы төмендегенін және су берудің шектелгенін айтты.

Алматы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Талғат Малыбаев, Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин, Төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Ерлан Әлібеков, сонымен қатар, «Алматы Су» өкілдері қатысқан баспасөз туры барысында журналистер Кіші Алматы өзенінен ағатын суды көзбен көріп, «Медеу» сүзгі станциясындағы су дайындау үдерісімен, «Балқаш» сумен жабдықтау нысанын реконструкциялау және сумен жабдықтау желісін салу жұмыстарының барысымен танысты.

Мореналық көлдер жігі бақылауда

Төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Ерлан Әлібековтың айтуынша, соңғы 13 күнде аптап ыстыққа тау шыңындағы мұздықтар да шыдас бермей жатыр. Жағдайға байланысты мореналық көлдерді ауеден бақылау, тексеру жұмыстары тоқтаусыз жүріп жатыр.

– Біз қазір аэровизуалды, яғни әуеден шолу жасадық. Ол Кіші Алматы өзенінде су деңгейінің жоғарылағанын көрсетті. Жалпы, дәл осындай жағдай басқа өзендердің арналарында да байқалады. Су деңгейінің жоғарылауы өзен жағалауын шаяды. Бұл өзендегі бастапқы судың лайлануының жоғарылауына әкеледі. Сонымен қатар, судың лайлануы қарқынды еріп жатқан мұздықтарға байланысты, – деді ол. Осылайша сумен жабдықтаудың шектелуі техногендік мәселе емес, тек табиғи құбылыстардан туындайды.

Оның айтуынша, шілдеде байқалған мұндай ыстық ауа райы соңғы рет 8 жыл



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

бұрын болған. «Өткен жылдары шілде мен тамыз айларында салқын болды, осыған байланысты бұрын мұндай түйткіл туындаған жоқ. Синоптиктер жұмадан бастап аптаның соңына қарай ауа температурасы +25–28°C дейін төмендейді деп болжайды. Бұл тамыздың бірінші онкүндігінде де сақталады. Осы жағдайда лайлану концентрациясы кемиді, өйткені мұздықтардың еруі азаяды», – деп, Е.Әлібеков таулы жерлерде нөсер жаңбыр жауған жағдайда лайлану деңгейінің өзгеруі мүмкін екенін айтты.

Мегаполис сумен жабдықтаудың алты негізгі көзімен қамтамасыз етілген

Алматы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Талғат Малы-

баев су беру мәселесі бірнеше ауданға, соның ішінде Наурызбай ауданына да әсер еткенін атап өтті. Айтуынша, бүгінгі таңда мегаполис жерасты және жерүсті сумен жабдықтаудың алты негізгі көзімен қамтамасыз етілген.

– Жерүсті көздерінің негізгілері Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Ақсай және Қарғалы өзендері болып табылады. «Медеу» су қабылдағышы Медеу ауданының батыс бөлігін қамтамасыз етеді. Біз суды сүзгі станциясына жеткізе алмаймыз, себебі ол бітеліп қалып, қала үшін нақты техногендік қауіп пайда болады. Лайлану азайып, су тазарған кезде «Медеу» су қабылдағышы толады, – деді Талғат Малыбаев.

Ол Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы бас жоспар аясында Алматыға қосылған аумақтарды сумен қамтамасыз ету бойынша жоба әзірленіп жатқанын хабарла-

ды. Егер болашақта мұндай жағдай қайталанса, онда оларды жерасты көздерінің көмегімен шешуге болады.

Баспасөз туры барысында БАҚ өкілдеріне Медеу ауданындағы жаңа су қоймасының құрылыс алаңы көрсетілді.

Медеу ауданында су қоймасы салынады

Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин былтыр күзден бастап Медеу ауданында соңғы 30 жылда ауқымды құрылыс салынғандықтан, су қысымының төмендегенін атап өтті. Сондықтан оның айтуынша, аталған резервуардың құрылысы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша ТЖ желісі бойынша жүзеге асырылуда. Жобаның әкімшісі Медеу ауданы әкімдігінің аппараты болып табылады.

– Нысан өте маңызды, оны іске асыру биыл Медеу ауданының оңтүстік бөлігіндегі бірқатар шағынауданды тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобада 4 ұңғыманы бұрғылау, сағатына судың жалпы дебегі 200–220 текше метрге дейін және қазір салынып жатқан екі үлкен резервуар қарастырылған. Әрқайсысының көлемі 3 мың текше метр. Жұмыс принципі – ұңғымалар резервуарларды толтырады, сол жерден су Каменск үстіртіне, Бутаковқаға, «Юбилейный» және «Көлсай» шағынауданына жеткілікті мөлшерде жіберіледі. 20 мыңға жуық тұрғын тұрақты сумен қамтамасыз етіледі. Іске асыру мерзімі – 2023 жылдың желтоқсанына дейін. Барлық жұмыс «Алматы Су» компаниясының талабы мен келісімі бойынша жүргізіледі. Бұл жобаны одан әрі коммуналдық кәсіпорынның пайдалануына және күтіп-ұстауға беруді қамтамасыз етеді», – деді Алматы қаласы Медеу ауданының әкімі.

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

РАЙЫМБЕК ДАҢҒЫЛЫ
Реверсивті қозғалыс жолағы пайда болады

Жылу желілерін реконструкциялауға байланысты 28 шілде сағат 00.00-ден 10 тамызға дейін Алматы қаласының Жетісу ауданында Райымбек даңғылы бойында Байзақов көшесінен Казаков көшесіне дейін батыс бағытта автото-көлік қозғалысы шектеледі.

Кептелісті азайту мақсатында бұл аумақта реверсивті қозғалыс үшін уақытша жолақ бөлінеді. Реверс – бұл жолдардағы қозғалыс бағыты керісінше өзгеруі мүмкін арнайы жолақ.

Бұған қоса, күн сайын сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жылу желілерін жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізу уақытында жол қозғалысына қосымша бақылау шаралары қолданылады.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасына сәйкес, құрылысшылар даңғылдың асфальт жабынын қалпына келтірудегі барлық жұмысты оқу жылы басталғанға дейін аяқтайды.

Мердігер құрылыс ұйымы жылу магистралін реконструкциялауды тәулік бойы, кідіріссіз жүргізеді. Бұл үшін құрылған бригадалар орындалған жұмыстардың сапасын барынша қамтамасыз етіп, нысанда бірнеше ауысымда жұмыс істейді.

Алдағы жылыту маусымына дайындық аясында аталған жолдың астындағы құбырда жоспарлы жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін уақытша шектеулер енгізіледі.

«Алматы жылу желілері» ЖШС мәжбүрлі қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды және көрсетілген учаскені айналып өту жолдарын алдын ала қарастыруды сұрайды.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

100 ЖАҢА АВТОБУС ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ

Алматыда тұрғындарға қызмет көрсету сапасы мен жайлылығын арттыру үшін оқу жылы басталғанға дейін маршрутқа 100 жаңа автобус шығады. Қазіргі уақытта қалалық автопарк 30 автобуспен толықты, қалған 70-і жақын арада келеді.

Бұл автобустар есебінен жылжымалы құрам №37, 38, 38А және 201 маршруттарда жаңартылады. Әрі №24, 125, 131 маршруттарға автобустар қосылады, яғни қолданыстағы маршруттар жаңа автобустармен толығыады.

Бұған дейін мегаполис әкімі Ерболат Досаев халықпен кездесулерде 2023 жылы Алматыға қосымша 600 жаңа автобус сатып алынатынын хабарлаған. «Қоғамдық көлікті дамыту біз үшін басты басымдықтардың бірі. Халықтың шағымының дені қоғамдық көлік жұмысының сапасына, атап айтқанда кейбір қолданыстағы маршруттардың жайсыздығына және жоспарлы қозғалыс аралығын сақтамауға қатысты. Сондықтан біз бұл мәселелерді шешуді қолға алып жатырмыз», – деді қала басшысы. Қалған 500 автобусты сатып алуға шарт жасалды.



КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда барлығы 2000-нан астам автобус, 163 маршрут, 24 тасымалдаушы жұмыс істейді.

МЕДЕУ АУДАНЫ

АҒАШТАРДЫ СУАРУ

кестеге сәйкес жүргізіледі

Алматы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі мәлім еткендей, Медеу ауданының оңтүстік бөлігінде аптап ыстықтың салдарынан мұздықтардың қарқынды түрде еруі нәтижесінде сумен жабдықтауда шектеу байқалады.

Аталған жағдайға байланысты кейбір әлеуметтік желі қолданушылар аудандағы ағаштардың қурап кетуі мүмкін екені туралы ақпарат таратты.

«Орталықтандырылған сумен жабдықтау жасыл желектерді суаруға арналмаған. Суаруға арналған су жинау арық жүйесінен (ауданы – 37,5 га) 12 мотопомпаның және жинақтағыштың көмегімен Кіші Алматы өзенінен алынады. Кестеге сәйкес, бұл су автоматтандырылған жүйенің көмегімен жалпы ауданы 122,97 га болатын 25 мекенжайға пайдаланылады, сонымен қатар 30 арнайы техниканың көмегімен жалпы ауданы 36,75 га болатын 24 аймақ суарылады», деп хабарлады әкімдіктен.

Айта кетейік, Медеу ауданында жалпы ауданы 197 га болатын 76 жасыл желек бар, оның 31-і сквер, саябақ, жасыл аймақ және 45-і жол, бульвар, жол-айрыққа жатады.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



СОТ ШЕШІМІ

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС

мәжбүрлі түрде бұзылды



Қожанов көшесінің шығысындағы Экспериментальная көшесінің солтүстігінде орналасқан төрт қабатты әкімшілік ғимарат көптеген заңбұзушылыққа байланысты бұзылды. Себебі, аталған нысан жобаның сараптамасынсыз салынған, сонымен бірге бекітілген бас жоспардан ауытқу тіркелді. Бостандық аудандық сотына алғашқы талап-арыз 2020 жылдың 6 наурызында жіберілді. Сот шешімімен талап-арыз қанағаттандырылды, алайда 3 жыл бойы апелляциялық шағым мен істің жаңа жағдайына байланысты сот талқылауы жалғасты.

Айнабай
МӘДИ

2021 жылғы 13 мамырда мемлекеттік сот орындаушысы меншік иесіне сот шешімінің ерікті түрде орындалуы туралы хабарлама жолдаса да, меншік иесі жер учаскесін сатып жіберген. Сол себепті, шешім орындалмай, қайтарылған. Алматы қалалық Қала құрылысын бақылау басқармасы жер учаскесін сату-сатып алу шартын жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беруге бастамашы болды. 2022 жылғы 27 қаңтардағы сот шешімімен мәміле жарамсыз деп танылып, Алматы қалалық сотының 2022 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен шешім өзгеріссіз қалды.

Бұзу күні тағайындалса да, сот орындаушысы әрекетіне шағым жасалып, Алматы қалалық сотына апелляциялық шағым берілді. Қалалық сот қаулысымен апелляциялық шағым қанағаттандырылмай, Жоғарғы сотта қаралды. Жоғарғы сот қаулысымен кассациялық шағымды қараудан бас тартып, сот орындаушысы бұзу уақытын белгіледі. Осылайша заңсыз нысанды мәжбүрлеп бұзу басталды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

100 КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙ

жыл соңына дейін күрделі жөндеуден өтеді

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазіргі таңда «Алматы тұрғын үй» ЖШС қаланың сегіз ауданында тұрғын үй инфрақұрылымын жақсарту бойынша жұмыстарды жалғастырып жатыр. 2023 жылы 100 көппәтерлі тұрғын үйдің (КТК) шатыры, қасбеті, кіреберісі және инженерлік желісі ауыстырылып, күрделі жөндеуден өтеді.

Жаңғыртудың бұл кезеңі үйлердің жайлылық деңгейін жаңартуға және тұрғындар үшін жалпы инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған.

Бұл ретте 70 КТК жөндеу жұмыстары жергілікті бюджет аясында жүргізіліп, мына аудандар бойынша бөлінеді:

Аудан	Жөнделетін КТК саны
Алатау	3
Алмалы	7
Әуезов	30
Бостандық	15
Жетісу	3
Медеу	7
Наурызбай	0
Түркісіб	5

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

СЕГІЗ АВТОБУС БАҒЫТЫ

төрт тасымалдаушыға берілді

Алматы әкімдігі «Автотрансгаз» ЖШС-нің барлық бағытын басқа тасымалдаушыларға беріп, компания қызметін мерзімінен бұрын тоқтатты.

Енді «Автотрансгаз» ЖШС қызмет көрсеткен сегіз бағыт төрт тасымалдаушыға көшті. Алматы әкімдігі жұмыс күні маршруттың тоқтауын болдырмау үшін осы компанияның жолаушылар тасымалы саласындағы қызметін мерзімінен бұрын тоқтатуына байланысты осындай жедел шара қолдануға мәжбүр болды. Аталған автокомпания қалалық жолаушылар тасымалы нарығындағы қызметін биыл 24 шілдеден бастап тоқтатып, сот талқылауы қала әкімдігінің пайдасына шешілген соң орындалды.

Бұрын хабарланғандай, міндеттемесін орындамауына байланысты осы ұйымға талап қойылған. Компанияның барлық маршруттың толық қызмет көрсетілмей, тасымалдау сапасына теріс әсер етті. Жолаушылар тарапынан автобустардың жай-күйі, жүріс аралығы мен техникалық себеппен қозғалысқа шықпауына қатысты қысымды сын айтылды. Бұл ретте әкімдіктің субсидия төлеу жөніндегі барлық міндеттемесі толық көлемде орындалды.

Алматы қалалық Мобильділік басқармасы қолданыстағы тасымалдаушылар арасында бағыттарды уақытша бөлу бойынша жедел шаралар қабылдады. Соның нәтижесінде сегіз бағыт қаланың төрт тасымалдаушысына берілді. Қажет шақта жылжымалы бірлік кезең-кезеңімен көбейтіледі.

Мәселен, №112 маршрутта «Алматыэлектротранс» ЖШС 5 автобустың орнына 10 автобус шығарады. Сонымен қатар, коммуналдық автопаркке №126, 16 және №3 бағыттар берілді, онда желіде тиісінше 8, 9 бен 2 автобус жүреді. «ДуманТранском» компаниясына



№29 (2 автобус) және №47 (12 автобустың орнына 16 автобус) бағыты берілді. №29 бағыт «Экобас» жеке тасымалдаушысына берілді, ол желіге 12 автобус шығарады. №85 бағытқа енді «АвтоАлматранс» ЖШС қызмет көрсетеді, ол 10 автобусты іске қосты. Осылайша қазіргі уақытта Алматыда 24 компания жолаушылар тасымалымен айналысады.


Айта кетелік, биыл 600 газбен жүретін автобус сатып алу жоспарланған, оның 100-і құжаттарды рәсімдеуден өтуде, таяуда пайдалануға беріледі. Қалған автобустарды жеткізу жыл соңына дейін көзделген. Жаңа автобустардың келуіне қарай, қаланың қолданыстағы және ең көп жүретін бағыттарын жаңарту, автобус санын көбейту жоспарға енген.

Аралбай ТЕҢІЗБАЕВ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«АЗИЯ ДАУЫСЫ» ФЕСТИВАЛІ

Қала әкімдігі тегін көлік бағыттарын ұйымдастырды



(Басы 1-бетте)

Автобустар келушілердің толуына орай сағат 15.00-ден 00.00-ге дейін жүреді. Кері бағытта автобустар фестиваль аяқталғаннан кейін жүретін болады. Сондай-ақ, қала тұрғындарына ыңғайлы болу әрі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Алматы метрополитені фестиваль күндері сағат 01.00-ге дейін жұмыс істейді. Бұл ретте №12 бағыттың көлігі штаттық тәртіппен жұмысын жалғастыратын болады.

А.ҚЫДЫР.

КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ

ЕРЕЖЕ САҚТАЛУҒА ТИІС

Алматы полициясы жекелеген көлік түрлерінің қозғалысын қадағалауды күшейтті

Алматы полиция департаментінің мәліметінше, мотоциклдер мен мопед жүргізушілері азаматтардың тыныштығын бұзып жүр. Бұған дейін Алматы полициясы көктемгі-жазғы кезеңде жалпы қаладағы жол-көлік оқиғаларының жағдайына әсер ететін жекелеген көлік түрлерінің қозғалысын қадағалауды күшейткені туралы бірнеше рет хабарланған болатын.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

«Тәжірибеде мотоциклдер мен мопед иелері, әсіресе түнгі уақытта және рұқсат етілмеген жарыстарды ұйымдастырады, сондай-ақ маневр жасау және жылдамдықты шектеу ережелерін өрескел бұза отырып, топтық ұйымдастырылмаған қозғалыстар жасайды. Бұл қала тұрғындары мен басқа да жол қозғалысына қатысушылардың шағымдарын туырады. Сонымен қатар, күн сайын дерлік біздің есептерімізде мотокөліктердің қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларының қайталанатын деректері тіркеледі», – деді, Алматы қалалық ПД Жергілікті полиция қызметі Басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Серік Шумаев.

Спикердің айтуынша, баламалы көлік түрлерін пайдаланатын адамдардың құқық бұзушылықтарын анықтау жұмыстары күшейтілді. Мәселен, алдын алу шарасының бір күнінде алдыңғы шептегі бөлімшелер мопед және мотоцикл жүргізушілерінің 60-тан астам жол ережесін бұзу деректерін анықтады. Жыл басынан бері мобильді көлік жүргізушілері 10 мыңға жуық жол қозғалысы ережесін бұзған.

Жалпы, айыппұл көлемі 70 миллион теңгеден асты. Сондай-ақ, жергілікті полиция қызметінің мәліметінше, Алматыда мопедтердің қатысуымен 250 жол-көлік оқиғасы орын алып, нәтижесінде 10 адам қаза тапқан.

Мопедтер мен мотоцикл жүргізушілерінің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері, негізінен, белгіленген жылдамдықты сақтамау, қарсы жолаққа шығу, қиылыстардан өту ережелерін бұзу, маневр жасау және т.б.



САРАПТАМА

КӨРКЕМ ТАБИҒАТ ЖӘНЕ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР

Барымызды бағалай алмай отырмыз

Туризм – Қазақстанның ашылмай жатқан қуатты потенциалының бірі. Өкінішке қарай, ұзақ жылдар бойы шикізатты өндіру мен сатуға басымдық берген тұтас экономикалық жүйеміз, өзге салалардың бәсекеге деген қабілеттілігін түншықтырды. Қазір әлем энергия мен экономикалық жүйенің жаңа сын-қатерлеріне тап болды. Әрі бұрылыс дәуірін бастан кешіріп жатыр. Бұл бір жағынан бізге ауыр шығындарды елестеткенімен, енді бір жағынан экономиканың басқа салаларын көтеруге жаңа мүмкіндік ұсынып отыр. Соның бірі – туризм саласы. Егер еліміздің мүмкіндіктерін дұрыс бағаласақ және жүйелі іске асырсақ, бұл шикізат экспортына тәуелді ел экономикасының еңсесін қайта тіктеуге демеуші бола алатын сала. Жақында, Алматы облысында өткен І Халықаралық Медиа және туризм форумында елдегі бұл саланы дамытуға қатысты көптеген ұтымды ұсыныстар, көңілге қонымды идеялар ортаға шықты.

ШЕШІЛМЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕР БАР

Қонаев қаласында өткен форумда шетелден келген БАҚ өкілдері, туризм саласының мамандары бір ауыздан Қазақстанның эко-туризм саласында үлкен мүмкіндіктер бар екенін айтқан болатын. Форумнан бұрынғы пресс-тур кезінде де шетелдік қонақтар бір ғана облысымыздағы климаттық жағдайларға айрықша танданып, «Мысыр мен Еуропа бір ғана облыста жатыр екен» дегендей пікірлерін де айтқан еді. Бірақ еліміздегі туризм саласын дамытып, оны мемлекеттің табысты саласына айналдыру үшін жалаң табиғи мүмкіндіктерге сеніп отыру бар ресурсты пайдаланбай, ысырап етумен бірдей екені де мәлім.

Эко-туристік нысандарымыз өте көп болса да, бәрі бірдей туристерге қолжетімсіз. Медеу мен Шымбұлақ, Көлсай мен Шарын, Көкшетау–Бурабай, Алакөл мен Балқаш секілді танымал брендтеріміздің өзінде жол-логистика, инфрақұрылымға қатысты шешілмеген мәселелер бар. Ал шетелдік туристер үшін беймағлұм жатқан Бұрханбұлақ, Таңбалы, Марқакөл, Бозжыра секілді нысандар жеткілікті. Олардың шетелдіктер үшін танымал болмауы логистика мен нысанға қатысты насихат және PR-дың жеткіліксіздігі екені де талқы барысында көп рет айтылды.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР

Еліміз үшін эко-туризммен қатар саланың жаңа бағыттарын дамыту аса маңызды. 200-ден аса БАҚ басшылары, журналистер, PR-менеджерлері, баспасөз хатшылары мен медиа және туризм саласының үкіметтік емес ұйымдары қатысқан форумда да осыған қатысты жанды ойлар қозғалған еді. Айталық, медицина-туризм, діни туризм, спорт туризм және мәдени туризм салаларын дамыту арқылы мемлекет миллиондаған шетелдік туристерді бір уақытта тарта алады. Сонымен бірге, бірқатар шетелдік қонақтар Жаңа Жібек жолы мен Түркі әлемінің мүмкіндіктерін отандық туризм үшін оң пайдаға асыруға болатыны жайында қонымды ұсыныс та айтты. Солардың бірқатарының ой-пікірлерін де білдік.

Расымен де, еліміз діни туризмді дамытуға зор мүмкіндіктерін ескермей отырғандай. Қорқыт бабадан тартып, Қожа Ахмет Ясауи, Бекет ата, қаншама әулие-әнбиелер зияраттары секілді халық жадында сакральды ұғымдарға айналған нысандарымызды ел әлеуетіне тиімді пайдалана алмай отырғандаймыз.

Қазақстан тұрғысынан ойланған шетелдік сала өкілдері еліміздегі туризмнің әлеуетін мойындайды. Олардың қонымды ұсыныстары жергілікті билік және елдегі туризм саласына жауапты ресми тараптың да қаперінде болады деп сенеміз. Еліміздің әлеуетін жаңа қарқын алған туризмнің жа-



Алпарслан АҚЫНДЖЫ,
Түркия Туризм министрінің кеңесшісі:

ЖІБЕК ЖОЛЫН ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БРЕНДІ ЖАСАУ КЕРЕК



Қазақстанда 1996 жылы болған едім. Бұл келгенімде елдегі үлкен дамудың бейнесіне куә болдым. Елдегі туризм саласында мол мүмкіндіктер бар екенін де көрдім. Оны ары қарай дамытуда Түркияның осы саладағы кейбір тәжірибелерін қолдануға да болады. Түрік Республикасы 1983 жылдан бастап туризм саласын белсенді дамытты. Алдымен жоғары деңгейдегі қонақүй желісін құруды қолға алды. Ол үшін кәсіпкерлерге салық жағынан жеңілдіктер жасады, тіпті үкіметтік субсидиямен қолдау көрсетті. Сонымен бірге, табиғи көркем жерлерді тарихи-мәдени нысандармен ұштастыра дамытты. Елдің қазіргі туристік әлеуетінің қалыптасуы сол кездегі кешенді шаралардың нәтижесі. Қазақстан да бұл тәжірибені қолданса болады. Қонақүй желілерін, олардың деңгейін арттыру басты мәселенің бірі. Сонымен бірге, бауырлас түркі елдерінен пресс-турлар тарту арқылы тікелей туристерді тартуға болады. Сала дамуына үлкен көмек беретін тағы бір нәрсе – ортақ тарихи сериалдар түсіру. Бұл арқылы мәдени-тарихи ортақтықпен қатар елдің көркем көріністерін насихаттауға, нысандарды жұртқа таныстыруға болады.

Қазір Жібек жолы қайта дамып келеді. Қазақстан мұны тиімді пайдалануы тиіс. Тіпті, тұтас түркі елдері Жібек жолын ортақ брендке айналдыруға болады.

Юсуф Чинал,
«Sakarya» газетінің Бас редакторы, Бельгия:

ДАМУДЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



Туризм саласын дамытуда барлық түркі елдері бірлесіп жұмыс істесе, оның өнімі жоғары болар еді. Айталық, бір-бірінің адам ресурстарын пайдалана алады. Еуропада миллиондаған түрік азаматтар жүр, туризм саласын дамытуда ең кемінде соларды мүмкіндік ретінде пайдалануға болады. Тағы бір мәселе, осында бір әріптесіміз де айтып өтті, түркі елдері арасында авиа билеттеріне өзара жеңілдік жасау секілді шараларда осы елдердің саланы бірлесіп дамытуына қозғаушы болады.

Һандық тенденциясына оңды пайдалана алсақ, бұл да мұнай саласы секілді еліміздің көшбасшы табыс көзінің бірі болар еді. Олай болса, туризмнің әлемдегі хал-ахуалы қандай?

ЖАҒАНДЫҚ ТУРИЗМ ҚАНДАЙ КҮЙДЕ?

Жаһандық індет оған дейін қарқынды дамып келе жатқан туризм саласына ауыр соққы бергені рас. Тек 2020 жылдың өзінде саяхат және туризм индустриясы ЖІӨ-і 4,5 триллион долларды және 62 миллион жұмыс орнын жоғалтқан. Сала эксперттерінің пікірінше, мұны қалпына келтірудің жолы тым ұзақ. Бірақ жағымды жаңалықтар да бар. Былтыр саланың табысы мен даму қарқыны қайта екпін алып, 1 триллион долларды құрап үлгерді. Бұл үрдіс алда тұрақты өсімен жылжып отырады деген болжамдар бар.

Лола Рахманбаева,
Өзбекстан Туризм министрлігі PR
департаментінің директоры, Өзбекстан:

КАДР ДАЙЫНДАУ МАҢЫЗДЫ



Саланы дамытуда кадрлық база маңызды рөл атқарады. Біз Ташкентте туризм саласының арнайы жоғары оқу орнын аштық. Себебі, елдің туризмін дамыту үшін кадрлық базаның маңыздылығы айқын көрінді. Қазір осы ЖОО-дан білім алған азаматтар елдің туризм саласына еңбек ете бастады. Оның нәтижесін де анық байқап отырмыз. Әрине, Түркістан қаласында да мұндай игі іс-шара басталып жатқанын білемін. Сапалы кадрлар дайындалған кезде елдегі саланың дамуына үлкен серпін бере алады.

Али Гедикоғлу,
«Media France» директоры, Страсбург,
Франция:

ДІНИ ТУРИЗМГЕ ДЕ ЗОР МҮМКІНДІК

«Діни туризм, бұл туризм саласының аса табысты бағытының бірі. Қазақстанда ортақ идеологиялық тұлғамыз саналған Қожа Ахмет Ясауи бабамыз жатыр. Бұдан басқа да діни тұлғалар, ортақ тарихи тұлғаларымыз да бар. Соларды бауырлас елдер ортақ туристік желіге айналдырып, туризмді ғана емес, мәдени алмасуды да жақсартуға болады.



550 миллиард АҚШ долларындай табыс тапқан. Бұл бұрынғы деңгейдің 87 пайызына тең. Африка 75%, Таяу Шығыс 70%, Америка 68 пайыз табысты қалпына келтірді. Азия аймағы бойынша кенжелеп тұр, шекараның ұзақ жабылуына байланысты бұл аймақ та шамамен 28 пайызын қалпына келтірген екен.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Тәуелсіздік алғанымызға 30 жылдан асты. Төл тіліміздің тағдыры туралы талай айтып та, жазып та келеміз. Тілге қатысты небір заңдар мен қаулылар қабылданды. Бірақ мемлекеттік тілде жазылған жарнамалар әлі де оңбай келеді.



ЖАРЫМЖАН ЖАРНАМАЛАР

Тіл полициясын құрмай, тілге құрмет болмай тұр



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Алматыда жарнамалық билбордтар мен роликтер өте көп. Дегенмен, бәрі де талапқа сай жазылған деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Жарнамалардың мәтінінде грамматикалық және стилистикалық қателер өріп жүреді. Бір өкініштісі, осылардың орыс тілінде жазылған нұсқасында бәрі керемет, сауатты жазылғанымен, қазақ тіліндегі нұсқасы жаға ұстатады. Неге оларды ілер алдында толық тексеруден өткізбейді? Жарнама арқылы көп пайда табатын тиісті орындар ақшаны ойлай бермей, бір сәт оның сапасына да мән берсе болмас па?

Алысқа бармай-ақ, өзіміздің өңір көшелеріндегі көрнекіліктер мен мекеме қабырғаларына үңілсек, қазақша жазулардағы қателерден көз сүрінеді. Айталық, ауруханаларға бара қалсаңыз, қабырғада ілулі тұрған ақпарат тақтайшалары көзге оттай басылады. Ондағы қазақша жазылған сөйлемдерде қателер қойдай өріп жүр, сөйлем мағыналарында мән жоқ. Халыққа қызмет көрсетіп отырған дүкендердің бірінің маңдайшасына «Шаңырақ» деген сөзді «Шаңырақ» деп бадыйрайтып жазып, тағы да қатеге бой алдырған.

Өзге тілден аударылған жарнамалардың жайсыз мағынасы жаңға батады. Көшеде тұрған кейбір жазуларға қарасаң көзің түгілі өзін сүрініп кетесің. Тіпті, кейде жайсыз аударылған жарнаманы оқысақ та, түсіне алмай дал болатын кездеріміз де жиі болады. Сонда жарнама жасаушылар қазақ тілін мазак еткені ме? Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір азамат мемлекеттік тілге құрметпен қарауы тиіс.

Грамматикалық, стилистикалық қателері жиі ұшырасатын, мағынасы аудармасына сәйкес келе бермейтін қазақ тілді жарнамалардың, ақпараттың көбейіп бара жатқаны жақсылықтың нышаны емес. Осы ретте аудармашылар дайындайтын арнайы институт ашу, ілесіп аударма жасауға талапты бар қабілетті мамандарды даярлау, терминолог галықтарды қойылатын талапты күшейту қажеттігі туындап тұр. Жарнама тілі қазақ тілінің мәртебесін өсіреді. Сондықтан тілдің тазалығын сақтап, мағынасын бұзбау қажет.

Мәселен, Қытайдың Бейжің қаласында 2008 жылғы жазғы олимпиада ойындарының алдында қала көшелерінің сәнін бұзып тұрған жарнамаларға қатаң тосқауыл жасап, қала орталығына билбордтарды орналастыруға тыйым салған. Қытайлықтар, ең алдымен, сыртқы жарнаманың бәрі шаһардың бас жоспарына сәйкес дамуы қажеттігін алдыңғы орынға қояды. Теміржол вокзалдары мен әуежайларда жарнама орнатуға қатаң тыйым салынған. Ал бізде қаланың орталығынан бастап, шеткі көшелері де жарнамалардан құр қалмаған. Алматы қаласы – шетелдік қонақтардың жиі келетін еліміздегі басты қалаларының бірі болғандықтан, бұған бей-жай қарауға болмайды. Сондықтан қала көшелеріндегі жарнаманың орналасу тәртібі мен сапасын қадағалайтын кез жетті.

Қазір кейбір мекеме, ұжымның, кәсіпкерлердің көрнекі ақпарат, жарнама атауларының жазылуында көптеген көз сүрінді-

рер кемшіліктерді байқаймыз. Мұны тілге менсінбеушілік танытудың белгісі, тіпті мемлекеттік «Тіл туралы» Заңды өрескел бұзу деп түсіну қажет. Басқа ұлт өкілдерін былай қойғанда, бұл өзіміздің тілге деген немқұрайлығымызды байқатады.

Мақатаев көшесінің бойында, «Көк базардың» қасындағы бір «Сұлулық салонына» көзіміз түсті. Атауы шет тілінде болса да, сыртында орнатылған тақтайшада ондағы қызмет түрлері қазақша жазылғанына қуандық. Бірақ онда «Тырнақ өсіру» деген тіркес «тырақ өсіру» деп жазылып тұр. Бұған не дейсіз? Сонда бүкіл ұжым болып қарапайым «тырнақ» сөзін жаза алмағаны қалай? Әлде, бұл мемлекеттік тілге немқұрайлық танытқандары ма?

Оның үстіне, қалада шет тіліндегі «Red Rose» (кафе), «BOSFOR» кафесі, «TERAZZA» мейрамханасы секілді атаулар қаптап кетті. Бұндай атауларды көріп, өзіндік шетелде жүргендей сезінетіні де рас. Тағы бір байқағанымыз, дүкендер мен сауда орталықтарының, мейрамханалар мен кафелердің, сұлулық салондарының және басқа да нысандардың жарнама мәтіндері тек орыс тілінде жазылады екен. Ал мемлекеттік тілде жазылған жарнамасы сын көтермейді.

Қате жазылған көрнекі ақпараттар мен

жарнамаларды, соның ішінде билборд, маңдайша тақталарды өзгертудің өзі де қыруар жұмыс. Кейбір жарнама берушілер билбордты тапсырыспен жасататындықтан, оны өзгертудің өзі қымбатқа түсетінін айтады. Қалай болса да, мемлекеттік тілдегі жарнама мәтіні кіршіксіз дұрыс болуы керек емес пе? Мемлекеттік тілдегі жарнама



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айдар МЫЛТЫҚБАЙҰЛЫ, қала тұрғыны:

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАДІРІНЕ НҰҚСАН КЕЛТІРЕДІ

Негізі көптеген мекеме, фирма, мейрамханалар мен кафелер, дүкендер мен сауда орталықтары, сұлулық салондары, тіпті кейбір көше атаулары жазылған тақтайшаларға да мән беріп, тексеру жұмыстарын жүргізіп, олардың дұрыс жазылуына ықпал етуіміз керек. Жиі-жиі тексеріп, қателіктерін жоюға міндеттеген дұрыс. Себебі, бұл бір жағынан әр азаматтың елге, туған жерге, мемлекеттік тілге деген құрметін білдіреді.

Біз де өкінішке орай, өзіміз күнде ат басын бұратын дүкендерде «Азық-түлік» деген қос сөз «Азық-түлік» деп сауатсыз жазылып тұрады. Оған мән бермейміз.

Тізе берсек, мұндай қателер өте көп. Өткенде бір супермаркетке кірсек, «Мужские дубленки» дегенді «аталық тондар» деп аударып қойыпты. Мұндай сауатсыз аудармаларға тыйым салып, керек болса, кең көлемде айыппұл салу керек. Себебі, дәл осындай сауатсыз жазылған қазақ жарнамалар қазақ тілінің қадіріне нұқсан келтірері сөзсіз. Қаламызға да абырой әпермесе тағы мәлім. Меніңше, әрбір адам өзінің жарнамасын немесе көрнекі ақпаратын жасар алдында мемлекеттік тілде сауатты жазылуына мән беретін болса, бұл мәселе әлдеқашан шешілетін еді. Адамдардың өздерінің сана-сезімі оянып, ойланбайынша, қате жазғанына жүрегі ауырмайынша істің бәрі бос. Сондықтан сөз соңында кәсіпкерлерді өз жарнамасын сауатты жазуға шақырғым келеді.

Асқар ДАЙРАБАЙҰЛЫ, заңгер:

ТІЛ ПОЛИЦИЯСЫ КЕРЕК

Жалпы жарнама мен көрнекі ақпарат атаулары белгілі бір заңдылықтарға бағынуы керектігін біреу білсе, енді біреу біле бермейді. Атап айтқанда, шындық ережесі, жаңашылдық ережесі, қысқартудың ережесі, жағымды естілуі мен айтылуының қолайлы ережесі, тілдің нақты грамматикасын сақтау ережесі, ассоциациялардың жағымдылық ережелері сақталуы қажет. Мәдени, тарихи, елтанымдық атаудың дыбыстық-семантикалық тұстары да ескеріледі, яғни жағымсыз әсер ететін сөздермен дыбыстық ұқсастықтары бар атаулар болмауы керек. Сонымен қатар, жекеменшік иелері немесе олардың туыстарының жеке есімі мен тегінен жасалған «Марат» дүкені, «Қанат» немесе «У Ирины» секілді дүкен атаулары болмауы тиіс.

Сондай-ақ, тұтынушыларға түсініксіз «Barber shop» дүкені, «Альтаир» disco club», «Mansard» restaurant & pub, «karaoke & bar», «Fasion house «Bora», «La Reine» beauty bar» деген атаулар да қолданылмауы қажет. Себебі, бұның барлығы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508 «Жарнама туралы» Заңына қайшы келеді. Алайда, жоғарыда аталған өрескел қателер еліміздің кез келген жерінде кездесіп жататыны жасырын емес. Демек, бізде заң бар. Бірақ оның орындалуы ойдағыдай емес. Сондықтан бізге «Тіл полициясын» құру керек. Олар бірінші айыппұл салады, екінші рет қателігін түземесе сотқа тартып, лицензиясынан айырады. Осындай қатаң шара қолдану арқылы бұл мәселені оңтайлы шешуге болады.

ның өзі мемлекеттің айнасы екенін неге түсінбейміз?

Шынына келгенде, қазіргі таңда жарнама мәтіні алдымен орыс тілінде, тіпті шетел тілінде дайындалады да, кейін қазақ тіліне аударылады. Міне, содан шет тілдің ыңғайына жығылу, сол тілде қалай жазылса, үтір-нүктесіне дейін қалдырмай, қазақ тілінде де солай жазу басым болып отыр. Оған лайық балама табу немесе қазақ тілінің тілдік нормаларын сақтау мүлдем ұмытылған. Мәселен, қала көшелерінің біріндегі билбордта «Меняем старое на новое» деген сөйлемді «Көріні жаңаға ауыстырамыз» деп жазып қойыпты. Мұны көргенде не жыларыңды, не күлеріңді білмейсің. Сондай көріністерді көргенде «Тіл туралы» Заң талаптарына қашан сақталады екен, жарнама беруші бұл заңға немқұрайлы қарауға болмайтынын қашан түсінеді екен деп ойланасың.

Жарымжан жарнамаларға жергілікті атқару органдары, құқық қорғау, қадағалау органдары заңға сәйкес шаралар қолданбаса, мұндай келеңсіздіктер жалғаса беретіні анық. Мемлекеттік тіліміздің абыройын ойлау әрі оны қадағалау әрбір Қазақстан азаматының міндеті екенін естен шығармау керек. Осындайда тіл полициясы құрылса қалай болар еді деп ойлайды екенсіз. Барлық нысандарды аралауға, жарнамаларды қадағалауға тікелей құқығы бар тіл сақшылары жұмыс істесе дұрыс-ақ болар еді...

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Балтық жағалауының елдерінде «Тіл полициясы» деген құзырлы мекеме жұмыс істейді. Олар қоғамдық орындарда өзге тілде сөйлеген адамдарды ұстап алып, айыппұл салады. Франция елінде де Тіл полициясы бар. Онда да өз тілін қорғауға ерекше ден қойылған. Мысалы, Латвияда Тіл полициясы өз қатарына тіл жанашырларын тартқан. Олар жарымжан жарнамаларды бақылап, жеке компания қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білуін тексереді. Латвияда жұмыс істейтін әрбір адам мемлекеттік тілді білуі міндет. Бұл ретте Тіл полициясы адамдарды мезгіл-мезгіл тексеріп отырады.

Олар сонымен қатар, қоғамның шағымдарына жауап береді. Мәселен, егер шашта раз өзінің жұмыс міндеттерін орындай отырып, сізге латыш тілінде жауап бере алмаса, сіз Тіл полициясына тиісті шағыммен жүгіне аласыз. Бұзушылықтар анықталған жағдайда инспектор қызметкерге де, компанияға да айыппұл салады. Украина елінде де Тіл полициясы құрылған. Днепрде камуфляж киген жастар қала көшелерімен жүріп, тұрғындардың мемлекеттік тілде сөйлеуін қадағалайды. Ана тілінде сөйлемейтіндерді полиция қызметкерлері құқық қорғау органдарының бөлімшесіне баруды немесе айыппұл төлеуді ұсынады. Эстонияда Тіл полициясы 1999 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Онда полицейлердің бәрі 100 пайыз мемлекеттік тілде сөйлейді. Тіл инспекциясы эстон тілін меңгеру басқа мамандар – дәрігерлер мен мұғалімдер арасында да жақсарғанын айтады. Тіпті, көрші Ресейдің өзі Тіл полициясын құру керектігін қайта-қайта көтеріп отыр.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ҚАУІПСІЗДІК ҚАТАҢ САҚТАЛУҒА ТИІС

Жазғы демалысты қауіпсіз өткізу бойынша құтқарушылар кеңесі өтті

Кеңеске ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің «Республикалық жедел-құтқару жасағы» ММ құтқару бөлімшесінің басшысы Вадим Пак, республикалық жедел-құтқару жасағының бас құтқарушысы Әділхан Балтабай, Алматы қаласы бойынша ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Есбол Сұлтанов қатысты.



Айнабай
мәди

Туристер де қателеседі

Белсенді демалыс әуесқойлары қандай ережені жиі елемейді? Тауға қалай дұрыс дайындалу керек? Өзіңізбен бірге қандай қажет зат алу қажет? Осы сауалдардың бәріне Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде ҚР ТЖМ Республикалық жедел-құтқару жасағының құтқарушылары жауап берді. Жаяу серуендеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, алдымен, жүру бағытын жоспарлайды. Бұл туралы танысыңыз бен жақыныңызға айтып, хабар-

дар ету керек. Сондай-ақ, демалушылар тауға шықпас бұрын жүру бағытын анықтап, топтың санын есептеу керек.

«Алдағы сапардың барлық ерекшелігін (келер және кетер уақыт, бағыт қиындығы) толық білу керек. Бұл жерде жиі кездесетін қателік – жақыны мен танысына ескертпестен, үндемей кету. Апат болған жағдайда зардап шегушіні тезірек табу үшін бағыты мен тұрақтаған орнын анықтауға көп уақыт кетеді», – дейді РЖҚЖ бас құтқарушысы Вадим Пак.

Одан кейінгі маңызды жәйт, қажетті жабдықты дайындау. Әр туристің жолдор-басында төтенше жағдайға арналған алғашқы жәрдем қобдишасы, қосалқы батареясы бар шам мен басқа да жарықтандырғыш, қуаттағыш құрал, су мен жеңіл тағам болуы керек.



Таудағы құбылмалы ауа райын ескере келе, ауыстыруға болатын жылы киім де артық етпейді.

«Егер турист төтенше жағдайға тап болса, құтқарушыларды шақыру үшін 112 нөміріне қоңырау шалу керек. Байланыс болмаған жағдайда, туристер осы мақсатта салынған лашықты паналап, құтқарушыларды күте алады. Құтқару лашығы таулы маршруттың жиі баратын учаскесінде орнатылған. Күн жайлы болса, бағытымен үйге қарай жүргені жөн. Адасып қалған жағдайда сол орында қалу қажет. Байланыс болса, құтқарушыларды қайтадан шақырып, жақын маңда түнеген лашықтың ақпараттық тірегіндегі телефон нөмірін пайдалану керек», – деп атап өтті бас құтқарушы.

Су айдынынан сақтаныңыз!

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің ақпаратына сай, қала мен тау бөктеріндегі аумақтарда бар 44 су айдынының 12-сі шомылу маусымында қауіпті саналады. Су айдындарындағы қауіпсіздікке қатысты мәліметтермен Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы бойынша ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері, азаматтық қорғаныс капитаны Есбол Сұлтанов бөлісті. Аға офицердің

айтуынша, департамент тұрақты негізде жүргізген алдын алу жұмысы нәтижесінде осыған дейін қала маны су айдындарында адам өліміне жол берілмеген. 18 адам құтқарылды, соның жетеуі («Сайран» көлінде) – бала. Жыл басынан бері елімізде 141 адам суға батып кеткен. Батып кеткен бала саны – 39.

Судағы жазатайым оқиғаның алдын алу мақсатында департамент полиция қызметкерлерімен, Республикалық жедел-құтқару жасағы құтқарушыларымен, сондай-ақ еріктілермен бірлескен 390-нан астам рейд жүргізіп, 3800-ден астам жадынама таратты. Рейд жүргізу кезінде суға түсуге тыйым салынған орындарда жағдайды бақылайтын ескерту машинасы мен ұшқыш дрон пайдаланылды. Мамандар шомылу маусымында қала тұрғындарын судағы қауіпсіздік ережесін сақтауға, сондай-ақ су айдыны жанында балаларды назардан тыс қалдырмауға шақырды.

«Жыл басынан бері жалпы су пайдалану ережесін бұзғаны үшін ескерту түрінде 18 заң бұзушы, алкогольді ішімдік ішіп, қоғамдық орында мас күйінде жүрген үш тәртіп бұзушы әкімшілік жауапқа тартылды. Сондай-ақ, су айдынындағы қауіпсіздік ережесін бұзған алты адам жауапқа (қаржылық көлем 150 мың теңге) тартылды», – деп атап өтті басқарманың аға офицері Е.Сұлтанов.



ДЕНСАУЛЫҚ

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

Туберкулез жөтелгенде, түшкіргенде немесе қақырық түсіргенде ауа тамшылары арқылы таралады, өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын шығарады. Инфекцияны жұқтыру үшін адамға мұндай бактериялардың аз ғана мөлшерін жұту жеткілікті. Туберкулездің созылмалы түрлерімен ауыратын науқастар ең қауіпті топқа жатады. Адамда туберкулездің белсенді түрі пайда болған кезде симптомдар (жөтел, безгек, түнгі тер, салмақ жоғалту және т.б.) бірнеше ай бойы айқын емес болуы мүмкін, бұл медициналық көмекке кеш жүгінуге және бактериялардың басқа адамдарға берілуіне әкеледі. Бір жыл ішінде туберкулезбен ауыратын адам 10–15 адамға дейін жұқтыруы мүмкін.

Туберкулез көбінесе жұмысқа қабілетті ересектерге әсер етеді. Дегенмен, барлық жас топтары ұшырауы мүмкін иммундық жүйені әлсірететін басқа дерттері бар адамдарда да белсенді туберкулездің даму қаупі жоғары. Темекіні пайдалану туберкулезге шалдығуды және одан өлім қаупін едәуір арттырады. Әлемдегі туберкулез ауруының 20%-дан астамы темекі шегуге байланысты. Алматы қаласында туберкулезбен сырқаттанушылық көрсеткіші жылдан-жылға жақсарып келеді. Фтизиопульмонология орталығының маманы, фтизиатр дәрігер Джазыбекова Панагуль Манерхановнаның айтуынша 2021 жылы бұл көрсеткіш 100 мың адамға шаққанда 23,1 болса, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 100 мың адамға шаққанда 22,6 болды (Қазақстан бойынша 36,5 және 36,0 тиісінше). Өлім

көрсеткіші 2021 жылы 100 мыңға шаққанда 1,4 болса, 2022 жылы 100 мың адамға шаққанда 1,3 құрады (Қазақстан бойынша сәйкесінше 1,7 және 1,4).

Өкпе туберкулезі кеуде мүшелерінің флюорографиясынан немесе рентгенографиясынан өту немесе туберкулин сынамаларын қою кезінде кездейсоқ анықталуы мүмкін. Мәселен, 2022 жылы 608 502 адам ФГ-скринингтен өтті, оның ішінде 213 адамда өкпе туберкулезі анықталды, анықталу көрсеткіші зерттелген 1000 адамға шаққанда 0,4 құрады. Туберкулез микробактерияларының берілуінің негізгі жолы – ауа тамшылы. Жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде өкпе туберкулезімен ауыратын науқас сыртқы ортаға тез кебетін, кейін микробактерияларға бай тығыз бөлшектер түзетін аэрозоль шығарады, науқастың айналасында адамдар жұқтырады.

Өкпе туберкулезі ұзақ уақыт бойы симптомсыз немесе аз симптомды болуы мүмкін және флюорография немесе кеуде қуысының рентгенографиясы, туберкулин сынамаларын қою кезінде кездейсоқ анықталуы мүмкін. Белсенді өкпе туберкулезінің жалпы белгілері – кейде қақырықпен және қанмен жөтел, кеудедегі ауырсыну, әлсіздік, салмақ жоғалту, безгек және түнгі тер, лимфа түйіндерінің көлемінің ұлғаюы.

Туберкулездің алдын алудың арнайы әдістеріне мыналар жатады: туберкулезге қарсы егулер жүргізу (БЦЖ вакцинациясы және ревакцинациясы; химиопрофилактика (туберкулезге қарсы арнайы препараттарды қолдану); химиопрофилактиканы

туберкулезбен ауыру қаупі жоғары топтағы сау адамдарға тағайындау.

Туберкулез инфекциясымен күресте өте маңызды бағыт – санитарлық профилактика. Оның басты міндеті – аурудың таралуын тоқтату және сау адамдардың жұқтырып, ауырып қалуына жол бермеу.

Профилактиканың арнайы емес әдістеріне ағзаның қорғанысын арттыратын іс-шаралар жатады (жұмыс пен демалыстың ұтымды режимі, дұрыс тамақтану, темекі шегуден және алкогольді ішуден бас тарту, шынығу, дене шынықтыру және т.б.); тұрғын үй және өндірістік ортаны сауықтыру (үй іші толып кетуін және тозандануын азайту, желдетуді жақсарту). Басқа адамдардың жеке гигиеналық заттарын пайдаланбау. Гигиена және шынығу, салауатты өмір салты және жаттығу, ұтымды тамақтану – бұл өз дененің өз бетіңізше бере алатын қарапайым көмек. Жеке гигиена, қарым-қатынас гигиенасы, салауатты өмір салтын ұстану және дененің қорғанысын (иммунитетті) арттыру туберкулезге шалдығу қаупін азайтуға көмектеседі.

Есіңізде болсын! Туберкулездің алдын алудың негізі – салауатты өмір салты!

Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының тапсырысы бойынша Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы.

ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

ШОҚАН СЕНГЕН БАТЫР

1858 жылдың мамыражай мамыры шілдеге ұласқан уақыт. Жер жаннаты Жетісу өңіріндегі Қапал маңында Ресей патшасының құпия жарлығымен арнайы топ жасақталып жатты. Асқан жауапкершілікпен атқарылған Сарбас бидің ауылындағы бұл шаралар ешкімнің көңілінде күдік тудырған жоқ. Патша ағзамның ерекше назарында болған бұл жұмыстарға саусақпен санарлықтай ғана адам қатысқан. Ресей патшасы үлкен сенім білдірген қазақтың ұлы зерттеуші-ойшылы Шоқан Уәлихановтың Қашқарияға сапары осылай басталды.

А

Әнуарбек
ӘУЕЛБЕК

Бұл көрші жатқан ұлы Қытайға қарай қол созудың алғашқы шаралары еді. Адам баласы күмән келтірмейтін күйге енген Шоқан экспедициясын Қашқарияға жеткізу үшін осы маңның жер жағдайын жақсы білетін әрі кездейсоқ болатын қауіп-қатерден қорғай алар ержүрек батыр керек болды. Жетісу өңіріндегі сенім білдіруге болатын мұндай бірден-бір адам Тәнеке батыр еді.

– Тәнеке батыр осы Жетісу өңіріндегі ең атакты батыр болды. Ол Дөсет батырдың ұрпағы. Ары барсаңыз, Бөрібай батырдан тарайды. Бөрібай батырдың денесі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жатыр. XIX ғасырдың орта шенінде өмір сүрген Тәнеке батыр



Тәнеке батыр
(1807–1885)

сол тұстағы атакты батыр Кенесары Қасымовтың көтерілісіне үн қосқан. Тәнеке батыр өзінің қол бастар батырлығымен де, ел бастар көсемдігімен де елдің құрметіне бөленген тұлға, – деді Тәнеке батырдың ұрпағы Жекен Қалиев ағамыз.

Патшалы Ресей отарлық саясатын күшейтіп, қазақ даласына дендеп кіре бастаған кез еді. Кіші жүз бен Орта жүздің жерлеріне бекет салған отаршылар енді Ұлы жүзге мойын бұрып, Жетісу жеріне аяқ басқан болатын. Олар Жетісудың ең шұрайлы жерлеріне табан тіреді. Ондағы қазақтар шөл және шөлейт жерлерге ығысуға мәжбүр болды.

Патша үкіметінің тарапынан жасалған бұл қысастық жергілікті халықтың наразылығын тудырды. Басқалай келісім болмасын білген жұрт азаттық жолында арпалысқан Кенесары Қасымұлының қоластына жинала бастаған еді. Алайда, аузынан от бүріккен мұздай темірмен қаруланған патша әскері Кенесары қолының адымын аштырмай, тықсырып келе жатқан. Отаршылардың Жетісу өңіріне бекет сала бастауы бұл өлкедегі қазақтарды да Кенесары әскеріне қосылуға мәжбүр етті.

– 1846 жылы генерал Вишневский Жетісудың бай-билерін, сұлтандарын, беделді адамдарын жинап алып Кенесарыға қосылмау туралы, патшалы Ресейге бодандыққа алу жайында келіссөз жүргізіпті. Бұл туралы поляк жазушысы Адольф Янушкевичтің еңбегінде бар. Міне, осы бір сәттегі қызықты оқиға – Вишневский жиын өткізіп жатқанда, қаптаған қол келіп шабады. Бұл – Жетісудың атакты батыры Тәнекенің қолы екен. Тәнеке Дөсетұлы өзінің патшалы Ресейдің отарлық саясатына қарсы екенін олар Жетісу жерін аттаған бірінші күні-ақ осылай көрсеткен екен, – деді тарихшы ғалым Қайрат Адамбосынов бұл төңіректе арнайы зерттеулер жүргізіп жүргенін айғақтап.



Сол тұста қазақ даласына бас сауғалап қашып келе бастаған татар жұртының тағдыры Тәнеке батырға үлкен ой салады. Татарлар патша үкіметінің қара жұмысқа әскерге алу туралы іс-шараларына қарсы шыққан болатын. Олардың қазақ жеріне келіп қоныстана бастауы да осының салдары еді. Тәнеке болыс оларды жылы қабылдап, екі бірдей мешіт салып берген. Онда татар балаларымен бірге қазақ балаларын оқытуды да қолға алған болатын.

Тәнеке Дөсетұлы бүкіл татар халқының басына түскен жағдай ертең қазақтың басына келерін білген. Сондықтан ондай қасіретті болдырмаудың алдын ойластырады. Орын алып отырған елдегі жағдайды айтып, доқ көрсетіп, 1858 жылы генерал-губернаторға хат жазған. Оның бір данасын патша ағзамға жібереді.

– Ол кездегі патша ағзам – Александр II Жетісудың көптеген әдемі шұрайлы жерлерін өзінің әскерлеріне, өзінің бай адамдарына үлестіре бастаған. Сол кезде Тәнеке батыр Қапал уезінде тұрған, сонда туған адам, патшаның өрескел әрекеттеріне қарсы шығып, сонау құмды, шөлді жерлерге кеткен қазақтарды қайтарып алған. Александр II арнайы хат жазып, соны талап етеді. «Егер шұрайлы жерлердің бәрін патша әскері иемдене беретін болса, мен Кенесары Қасымовтың көтерілісіне қосылып, Жетісу қазақтарының бәрін көтеремін» деген айбат көрсетеді. Соның

арқасында кетіп қалуға мәжбүр болған қазақтар өздерінің жерұйығына қайта оралады. Бұл шынын айтсақ, Тәнекенің үлкен ерлігі, – деді Жекен Қалиев.

Өмірі ерлік істерге толы Тәнеке батырдың аты аңызға айналып кеткен. Алайда, ондай аңыздардың қайсыбірінің де негізі бар еді. Қазақтан шыққан алғашқы тарихшы-ларымыздың бірі Мұхамеджан Тынышбаевтың «Материалы киргизско-казахского народа» деген еңбегінде, мысалы, 1847 жылдары Қыдырәлі бидің немересі Тәнеке Дөсетұлының Кенесары көтерілісіне қатысқанын айғақтайтын мәліметтер бар.

– Кенесары Қапал уезінің жеріне келгенімен, орыс әскерлерімен аса үлкен қақтығысқа бармаған. Жетісу батырларымен тек Қаратал бойында ғана кездеседі. Кейіннен қырғыз жеріне өтіп кеткен. Ал енді осы тұста тағы бір қызықты деректің бар екенін айта кету керек. Ол – Тәнекенің Кенесарының кегін алғандығы. Қырғыз манаптарының қолынан қаза тапқан Кенесарының кегін алуы жайында марқұм тарихшы Әбдікерім Хасеновтың «Үш ғасыр иінінде» атты ғылыми мақаласында айтылған. Онда Жетісудағы қазақ руларынан қол жинап барып, Тәнеке батыр Кенесары өліміне тікелей қатысы бар Төрегелді манаптың ауылын шапқаны, оны ат құйрығына байлап, сүйреп өлтіргені туралы дерек келтіреді. Сондай-ақ, заманымыздың заңғар тарихшысы Ермұхан Бекмаханов ағамыздың «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстандағы қазақтар» атты ғылыми монографиясында Қапал уезіндегі қазақтар бір жылдан кейін Кенесары өліміне тікелей қатысты қырғыз манаптарын аяусыз жазалады деген тарихи дерек бар, – деген еді әңгіме барысында Қайрат Адамбосынов.

1882 жылы Ресей отаршылары мал санағын жүргізгенде, «Тәнеке Дөсетұлының малы 50 түйе, 100 жылқы және 1000 қой» деп жазылған. Бұл мал санағы жүргізілгенде Тәнекенің тірі екенін көрсетеді. Ал өзі салдырған мешітте балаларға сабақ берізу үшін Қазанға оқуға жіберген татар баласы Ходжахметке деген аманаты Тәнекенің 1883 жылы дүниеден өткенін айғақтайды.

– Қазанға оқуға жіберген балалардың ішінде Мұхамедьяровтың Ходжахмет деген баласы болады. Сол бала 1883 жылы Тәнеке батырдың өсиеті бойынша Қазанда жүріп 25 сом ақша алады. Оны өте бір тарығып жүрген кезінде апарып берген. Ол кезде 1 килограмм картоп – 1 тиын, 1 килограмм ет – 3 тиын тұрады екен, 1 сомға үш қой сатып алуға болатын кез ғой. Сонда Тәнеке батыр Қазанда оқып жүрген Ходжахмет Мұхамедьяровқа 75 қойдың ақшасын беріп жіберген, – деді зерттеуші-педагог Сәбит Дүйсебаев.

Шоқанды Қашқарияға шығарып салған Тәнеке батырдың аты бұл экспедиция туралы жазылған деректердің бірде-бірінде көрсетілмеген. Себебі, Шоқанның бұл сапары мемлекеттік құпия болатын. Оған қатысты мәліметтерде Шоқан Уәлихановтың ғана есімі аталады. Ал Шоқан болса, Тәнеке батырға үлкен сенім артқан. Қазақ даласында ұмыт бола бастаған талай ердің ізі жатқаны рас-ау...





БАСТЫ БӘСЕКЕ

ПАРИЖ
ОЛИМПИАДАСЫНА
ШАҚЫРТУ КЕЛДІ

Төртжылдықтың басты бәсекесі де жақындап қалды. Енді бір аттасақ, Париж Олимпиадасына табан тірегелі тұрмыз. Бұл барша әлем асыға күтетін әртүрлі сайыстар бойынша өткізетін дода болып саналады.

Қазақстан Олимпиададан қалыс қалған емес. Дербестікке шыққан сәттен бастап тұрақты қатысушысына айналды. Сонымен бірге, елеулі орындарды иемденіп келеді. Соның арқасында спорттық державалармен иық тірестіріп жүрміз. Еліміздің атына Дүниежүзілік Олимпиадалық комитет тарапынан 2024 жылғы Париж Олимпиадасына ресми шақырту келді. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрлігінен мәлімдеді.

Дүниежүзілік дода кестесі 2024 жылы 26 шілде және 11 тамыз аралығын қамтиды. Жалпы саны екі аптадан астам уақытта әлемнен жиналған спортшылар спорттың әртүрлінен бақ сынайды. Алдағы жылы Қазақстан құрамасы бек дайын, тас түйін болуы керек. Соның ішінде көпшіліктің көзайымына айналған сайыстар бар. Дәлірек күрес, бокс, ауыр атлетика, жеңіл атлетика, суда жүзу және т.б. Өткен Олимпиадада асығымыз алшысынан түспеді. Осы жолғысынан үміт пен сенім зор.

УНИВЕРСИАДА

ТУ КӨТЕРУ РӘСІМІ ӨТТІ

Спортшылар қалашығында XXXI Дүниежүзілік жазғы студенттік ойындардың Мемлекеттік ту көтеру рәсімі өтті.

Байрақты бәсекеге еліміздің атынан қатысатын спортшыларға Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы бейне үндеу жолдап, қолдау көрсетті.

«Білімді, тәрбиелі әрі дені сау ұрпақ – мемлекеттің ең қымбат байлығы, асыл

ЖЕКПЕ-ЖЕК

ШАВКАТТЫҢ КЕЛЕСІ
ҚАРСЫЛАСЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақ спортында шоқтығы биік спортшы бар. Жұрттың бәрін өзіне қаратып, өнерімен тамсандырып келеді. Аралас жекпе-жек бойынша әлемдік рейтингте ТОП-10 тізімінде тұр.

Аралас жекпе-жек спортының шебері Шавкат Рахмонов өзінің келесі қарсыласы туралы мәліметпен бөліскен еді. Ол – америкалық файтер Келвин Гастелу. Қарсылас Калифорния штатының тумасы. Ол 26 кездесу өткізіп, 17 рет жеңіске жеткен. Оның мансаптық жолында 6 нокаут бар. UFC рейтингімен есептегенде 11-ші орынды иеленеді.



Кездесу сәті 17 қыркүйекке жоспарланған. Соның нәтижесінде кімнің жеңіп, кімнің кемітін шағына куә боламыз. Спорт сарапшылар аса біліктілік пен ептілік қажет екендігін айтуда. Әйтпесе, оңайға түспейтін көрінеді.

Шавкат қазақтың біртуар азаматы. Ол бұған дейінгі кездесулерінің ешбірінде жауырыны жерге тиіп, құлап-сүрініп, сегіз бұрышта сұлап құламады. Қазақ батыры 17 кездесуінде 17 мәрте жеңісті қолдан бермеді. Соның 8-ін нокаутпен ұтты.

Ол өзінің Instagram әлеуметтік желісінде қарсыласына қарсы қызу дайындық жасап жүргендігін жариялады. Ендігі кезекте аталмыш санат негізінде жеңіске жетсе, оның дүние жүзіндегі атағы арта түсетін еді.

Жерлесімізге жеңіс тілейміз!

ТАЭКВОНДО



Мексиканың Мазатлан қаласында мектеп оқушылары арасында таэквондодан алғашқы әлем чемпионаты өтті. Астанада барған жас спортшы турнирде чемпион атанды, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ
АТАНДЫ

Турнир маусым айының соңында өтті, оған әлемнің 14 елінен келген оқушылар қатысты.

Қазақстан құрама командасына «King Club Astana» және «Legion» отандық таэквондо клубтарының үздік өкілдері кірді.

Жарыстың бірінші күні Астана қаласының «Нұр-Орда» мектеп-лицейінің 6-сынып оқушысы Аятжан Әмірханов 12 жасқа дейінгі топта 50 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде әлем чемпионы атағына ие болды. Жаттықтырушылары – Арал Садықов, Динара Қабдулова.

Командалық есепте Қазақстан құрамасы Тайвань мен Бразилия құрамаларынан кейінгі үшінші командалық орынға жайғасты.

ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ

ФУТБОЛШЫЛАР
ЕРЛЕДІ

«Ақтөбе» футбол құрамасы Конференция лигасының екінші іріктеу кезеңіндегі алғашқы ойында жеңіске жетті

Андрей Карповичтің шәкірттері Грузияның Кутаиси қаласында жергілікті «Торпедомен» кездесіп, 4:1 есебімен жеңісті иеленді.

Кездесудің 34-минутында Әлібек Қасым пенальтиді соғып, командасын алға шығарды. Ал 43-ші күні Милош Раичкович алаң иелерін қапы қалдырды. Футболдың 73-минутында Арман Кенесовтің кенеттен жарақаты салдарынан сапка түскен Максим Самородов гол соқты. Алаң иелері екінші таймның соңғы минутында бір доп ойнады. Георгий Арабидзе ерекшеленді. Бірақ қосымша уақытта қазақстандықтар ойынды аяқтады, Андрей Филипович төртінші голды соқты. «Ақтөбе» – «Торпедо» қарымта кездесуі Қазақстанда 3 тамызда өтеді. Еске салайық, бұған дейін Конференциялар лигасының екінші іріктеу кезеңіндегі бірінші ойында «Ордабасы» Польшаның «Легиясынан» жеңіліп қалған болатын.

Бетгі әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ТЕННИС

ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Қазақстан теннис федерациясының дерегінше, үлкен теннис сайыстары бойынша қазақстандық спортшылар ширек және жартылай финалдарда бақтарын сынап жатыр.

Сондай-ақ, еліміздің жұптық сындағы бірінші, әлемнің 25-ракеткасы Анна Данилина Гамбург (Германия) WTA 250 турнирінің жартылай финалына жолдама алды. Жарыстың 1-ракеткасы болып тіркелген қазақстандық теннисші ресейлік Александра Пановамен бірге ширек финалда аустриялықтар Мелани Клаффнер – Синья Крауспен шеберлік байкасты.

Қазақстандық-ресейлік жұп 6:1, 6:3

есебімен оңай жеңіске жетті. Данилина мен Панованың жартылай финалдағы қарсыластары кейін анықталады. Жекелей сында тағы бір қазақстандық, әлемнің 58-ракеткасы Юлия Путинцева ширек финалға шыға алмады. Ол дүниежүзілік рейтингте 106-орында тұрған германиялық Юле Нимайерден жеңіліс тапты – 7:5, 3:6, 1:6. Сонымен қатар, Михаил Кукушкин Астанада өтіп жатқан Президент кубогы үшін челленджер турнирінің ширек финалына шықты.

Әлемнің 229-ракеткасы Кукушкин екінші айналымда дүниежүзілік рейтингте 639-орында тұрған жапониялық Рента Токудамен кездесті. Қазақстандық теннисші 6:1, 6:3 есебімен жеңіске жетті. Ол 7 эйспен бірге 7 брейк-пойнттың бесеуін пайдалана білді. Михаил Кукушкин жартылай финалға шығу үшін рейтингте 570-сатыдағы ресейлік Евгений Карловскиймен кездеседі. Тағы бір қазақстандық Дмитрий Попко ширек финалға шыға алмады. Ол өзбекстандық

мүмкіндіктер қарастырылып келеді», – деді министр.

Сондай-ақ, ведомство басшысы спорттағы сәттілік тек еңбекпен және қажырлы күш-жігермен келетінін атап өтіп, жарысқа қатысушылар байрақты бәсекеде еліміздің даңқын шығаратынына сенім білдірді.

Айта кетейік, 27 шілдеде Қытайдың Сычуань провинциясының Чэнду қаласында XXXI Дүниежүзілік жазғы студенттік ойындар басталды. Спорттық іс-шара 8 тамызға дейін жалғасады. Сайыста ел құрамасындағы 93 студент спорттың 11 түрі бойынша бақ сынамақ.

Универсиадаға қазақстандық делегацияны Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов бастап барды.



Хумаюн Сұлтановқа жол берді. Есеп 7:6 (7:4), 0:6, 1:2 болған мезетте матчты жалғастырудан бас тартты.

Қазақстандық теннисшілер Анна Данилина Гамбург, Михаил Кукушкин дер ұтса, онда біздің деңгейіміз шарықтайды. Бәлкім, рекорд жаңарып қалуы да бек мүмкін.



ШЕШІМ

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2023 жылғы 18 шілдедегі №01 шешімі

Алматы қаласы Әділет Департаментінде 2023 жылғы 21 шілдеде №1731 болып тіркелді

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2018 жылғы 28 наурыздағы «Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» №01 шешімінің күшін жою туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласы Түркісіб ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2018 жылғы 28 наурыздағы «Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» №01 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1468 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.АҚЖАРОВ

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

**Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін**

**«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!**

**«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!**

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

**Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

2023 жылы 4 қыркүйекте сағат 11.00-де Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би көш., 308 мекенжайында орналасқан «АлЭС» АҚ Батыс Жылу кешені аумағындағы №3 ӨТК ғимаратының №7 кабинетінде «2-ЖЭО - БЖК жылу магистралін толық ауыстыра отырып қайта құру» ТЭН-іне ықтимал әсерлер жөніндегі Есептің жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсету жағдайында жүргізіледі. Тіркеу талқылаудың басталуына 30 минут қалғанда басталады.

ZOOM платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтемеге өту керек:

<https://us05web.zoom.us/j/81308614045?pwd=aXoYIwOa7U6C19wbft1-DKejOas8nli.1>

Конференция идентификаторы: 813 0861 4045

Қолжетімділік коды: 1NQ3kV

Жобаға тапсырыс беруші: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлғасы: Арзюкова Зоя e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Жобаны әзірлеуші: «ҚазЭнергоөнеркәсіптік ҒЗЖІ» институты» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 58 А, байланыстағы тұлғасы: Филиппин Александр Иванович, e-mail: office@kner.kz, 8 (727) 273-47-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ, тел.: +7 777 068 56 38, +7 777 068 56 37.

Жоба бойынша құжаттама БЭП <https://ecoportal.kz/> және ЖАО сайтына <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=26476&lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөліміне орналастырылды.

Жобаның материалдарымен қағаз түрінде танысуға болатын мекенжай: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, электрондық поштасы: e-mail: zarzyukova@ales.kz.

Ақпарат алуға және құжаттар көшірмесімен танысуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254- 03-27, 254-03-29.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Әуезов көш., 82, «Алматы қ., Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ, тел.: +7 777 068 56 38, +7 777 068 56 37, электрондық мекенжайы: u.pirp@almaty.gov.kz.

ҰБТ

**ГРАНТ ИЕГЕРІ
АТАНДЫ**

**Биыл 18 мектеп түлегі ҚР ИМ
М.Есболатов атындағы Алматы
академиясының грантын жеңіп алды**

Грант иегерлері ҚР ИМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясына оқуға түсу барысында медициналық тексеруден өтпейді. Ведомстволық бұйрыққа сай, биыл бірінші рет ҰБТ-дан 100-ден жоғары балл жинаған, сондай-ақ «Алтын белгі» иесі атанған 18 жас академия грантына осылай қол жеткізді. Академияда өткен баспасөз мәслихатында мұндай жаңалық бакалавр бағдарламасымен оқуға кандидаттарды іріктеу жөніндегі қабылдау комиссиясы жұмысының нәтижесі екені айрықша айтылды.



Елімізде бірқатар оқу орны талапкерлерді қабылдауды жаңа жүйеде, жаңашылдықпен өткізген болатын. Соның бірі – ИМ Алматы академиясы. ҰБТ-дан жоғары балл жинаған талапкерлер қосымша емтихансыз түсті. Сондай-ақ, денешынықтыру дайындығынан емтихан тапсыру талапкерлердің өкілдерінің қатысуымен өтті. Арнаулы оқу орнында курсант атанғандар арасында Қазақстан шахмат федерациясының қолдауымен өткен шахмат турнирінде жеңіске жеткен 3 мектеп түлегі бар. Іріктеу кезеңінде 440 талапкердің 300-і оқуға қабылданды, қабылдау емтиханы оңайға соққан жоқ.

«Биыл тұңғыш рет академияда курсанттар киберқауіпсіздік және IT-криминалистика мамандығы бойынша даярланатын болады. Өзгеріс көп. Айта кетерлігі, оқуға қабылданған 300 курсант – озаттардың озаты», – деп мәлімдеді ҚР ИМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының бастығы, полиция генерал-майоры Айдар Сайтбеков.

ИМ Алматы академиясы – киберқауіпсіздік және IT-криминалистика мамандықтары бойынша білім беретін жалғыз ведомстволық оқу орны. Сонымен қатар, құқықтық саладағы оқу орны криминалдық полицияның өзіндік бағыты бойынша жедел (есірткі бизнесіне, экстремизмге, ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл) уәкілдерді, ақпараттық жүйенің IT-манын және әкімшілік полиция қызметкерлерін даярлайды.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**Қабылдау бөлмесі:**

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-04-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімінің менеджері –

Әсел ТАШИБАЕВАe-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,****Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:**«Alatau Akparat» ЖШС.**alatauaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**Апталық таралымы – 18 663****Кезекші редактор –****Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы

қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің**электронды нұсқасы****«AIR ASTANA»****әуе компаниясы бортндағы****жолаушыларға қолжетімді.**



ӨНЕР

ALMATY CIRCUS
FESTIVAL

Мегаполис төрінде алғаш рет
I Халықаралық цирк өнерінің
фестивалі өтіп жатыр

Алғаш рет Қазақстанда, оның ішінде біздің Алматыда I Халықаралық ALMATY CIRCUS FESTIVAL цирк өнерінің фестивалі өтіп жатыр. Қазақ мемлекеттік циркінде Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған, 26–30 шілде аралығын қамтитын фестивальде әлемнің 15 елінен келген артистер бір аренада өнер көрсетуде.

– Қазақ мемлекеттік циркі – Қазақстан Республикасындағы ең көне әрі жетекші өнер ордасы. Жарты ғасырлық тарихы бар Алматы циркінде Халықаралық цирк өнері фестивалі алғаш рет өткізіліп отыр. Бұл іс-шара қазақ цирк өнерін насихаттау мен дамытуға, сондай-ақ отандық цирк ұжымының халықаралық деңгейдегі мәдени қатынасын нығайтуға бағытталған. Көрермендердің біздің цирктің мүмкіндіктері туралы түсінігін кеңейту, сонымен қатар жалпы қоғамдағы цирк өнерінің мәртебесін арттырудың қарапайым мақсатын басшылыққа алып отырмыз, – деді кеше өткен баспасөз мәслихатында Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Жайықов.

Фестивальдің басты шоуы кеше ашылу салтанатында көрініс тапты. Онда отандық және шетелдік цирк өнерінің майталмандары: гимнастар мен акробаттар, жонглерлер мен иллюзионистер фестивальдің ең жоғарғы марапатын алу үшін өздерінің барлық талантын паш етіп, өнер көрсетті. Цирк фестивалінің халықаралық дәстүріне сәйкес жеңімпаздар, яғни үздіктердің үздігі анықталады. Фестиваль қатысушыларының өнерін ең мықты қазылар алқасы бағалайтын болады.

Айта кету керек, бұл тың жобаның Алматы қаласы үшін халықаралық деңгейдегі мәдени байланыс орнатып, мегаполисті дамытуға жол ашатыны сөзсіз.

Қазақстан, Германия, Вьетнам, Эфиопия, Мәскеу, Якутия, Украина, Беларусь, Ресей, Ұлыбритания, Литва, Чехия, Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстан елінің өкілдері бақ сынасып жатқан фестиваль туралы толығырақ газетіміздің келесі нөмірінде хабардар ететін боламыз.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖАҢА ТУЫНДЫ

КӨКПАРШЫ ҚЫЗ

Ева жайлы деректі фильм түсірілді

Елімізде көкпаршы қыз Ева Жигалина жайлы «Ева. Батыр қыз» атты деректі фильм түсірілді. Онда бала кезінен дала төсінде ат құлағында ойнап өскен табанды қыз өмірінің бір белесінен сыр шертеді. Бұл туралы Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының баспасөз қызметі хабарлады.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Фильм продюсері Думан Қожахметтің айтуынша, осы туындының халықаралық деңгейге шығуға әлеуеті мол. Қазір бірнеше шетелдік стриминг-сервистермен прокат туралы келіссөздер жүріп жатқан көрінеді.

Дәстүрлі қоғамда әйелдерге көкпарға қатысуға қатан тыйым салынған. Бірақ Ева қиындықтарға мойымастан табандылық танытып, стереотиптерді бұзды, әлеуметтік және мәдени тосқауылдарды еңсере білді. Ол көкпар тек ерлердің ойыны деген мықтылармен текетіресте болды. Дегенмен, Еваны қолдайтындар да табылып, оның жігеріне, арманына адал мінезіне лайықты бағасын бере алды.

– Ата-анам көкпарға қатысуға тыйым салған. Бірақ бір жерде көкпар болып жатыр десе делебем қозып, үйден қашып кететінмін. Көкпарға алғаш рет 15 жасымда қатыстым. Шақырусыз барған едім. Өзім де таң қалдым. Атта отырып, ерлердің көкпарда жан алып, жан бергенін көрдім. Оларға қосыла кетіп, серкені тартып алыпмын. Ерлер мені қуа жөнелді, бірақ ұстатпай кеттім. Қазір жұрттың көкпарға қызығуы артқанын көріп жүрмін. Маған ұлдар да, қыздар да хат жазып, үйретші деп жатады, – дейді Ева Жигалина.

«Ева. Батыр қыз» деректі драмасы Темірбек Аманжолдың



режиссерлік алғашқы қадамы. Темірбектің өзі де ат туризмі және атқа отыру мәдениетін зерттеп жүр.

– 12 жылдан бері аттарды фильмдерге түсіріп, атқа отыру мәдениетін, неонадизмді зерттеп жүрмін. «Ева. Батыр қыз» фильмінде қазақшылықтың формуласын паш еткім келеді. Елі бөтен, діні бөтен басқа жұрт неліктен осы ойынға ғашық болып, бар өмірін сарп еткізуге бар? Көкпар мен аттар несімен тартады? Бұл фильмді осы сұрақтарға жауап іздейтін зерттеу десеңіз де болады, – дейді Темірбек Аманжол.

Деректі фильмді Black & White Production компаниясы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен былтыр түсірді.



КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

ЖЕТЕКТЕГІ ЖУРНАЛИСТИКА



АҚИҚАТ КЕШІГІП ЖЕТЕДІ



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.